

«Ахмет Байтұрсынұлы
атындағы Қостанай өңірлік
университеті» КеАҚ



Бекітемін

Басқарма Төрағасы - Ректор

С.Қуанышбаев

2026ж.



ЕРЕЖЕ

КЕЛІСІМ КОМИССИЯСЫ (МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ)

П 050-2026

Қостанай

АЛҒЫ СӨЗ

1 Құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу бөлімімен ӘЗІРЛЕНДІ

2 Құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу бөлімімен ЕНГІЗІЛДІ

3 Басқарма Төрағасы-Ректордың 2026 жылғы 01 маусымдағы № 183 НҚ бұйрығымен БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

4 ӘЗІРЛЕУШІ:

А.Айдналиева – құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу бөлімінің бастығы

5 САРАПШЫЛАР:

Ж. Жарлыгасов – зерттеу, инновация және цифрландыру жөніндегі проректор;

В. Петрович – қаржы-экономикалық қызметтің бастығы (бас бухгалтер).

6 ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ

ЖАД

7 ЕНГІЗІЛГЕН: алғаш рет

«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ Басқарма Төрағасы - ректорының рұқсатынсыз бұл құжатты толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды

Мазмұны

1	Қолдану саласы	4
2	Нормативтік сілтемелер.....	4
3	Белгілер мен қысқартулар.....	4
4	Жауапкершілік және өкілеттіктер	5
5	Келісім комиссиясын (мемлекеттік сатып алу) ұйымдастыру.....	5
6	Келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) құрамы және оны қалыптастыру тәртібі).....	6
7	Келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) жұмыс тәртібі.....	8
8	Келісім, сақтау және тарату	9
9	Қосымша А	10

1-тарау. Қолдану саласы

1. «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ Келісім комиссиясы(мемлекеттік сатып алу) туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының, «Келісім комиссиясының үлгілік ережесі мен жұмыс қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 31 шілдедегі № 501 бұйрығының талаптарына сәйкес әзірленді.

2. «Осы Ереже Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтару салдарынан Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім берушілердің өтініштерін қарайтын Келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) (бұдан әрі-комиссия) мәртебесі мен өкілеттігін айқындайды, Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының өкілдерімен, Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасында аккредиттелген салалық қауымдастықтардың (одақтардың) және «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ (бұдан әрі – Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ)» өкілдерімен бірлесіп құрылған.

3. Осы Ереже университеттің нормативтік-анықтамалық құжаттамасының бөлігі болып табылады.

2-тарау. Нормативтік сілтемелер

4. Осы Ережеде мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылады:

1) 1998 жылғы 01 қаңтардағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (19.03.2026ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен);

2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Келісім комиссиясының үлгілік ережесі мен жұмыс қағидаларын бекіту туралы» 2024 жылғы 31 шілдедегі № 501 бұйрығы;

3) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының 05.06.2020 №350 бұйрығымен бекітілген «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысы;

4) ҰС 002-2025. Ұйым стандарты. Іс қағаздарын жүргізу;

5) ҚП 001-2025. Құжаттау процедурасы. Құжаттаманы басқару.

3-тарау. Белгілер мен қысқартулар

5. Осы Ережеде мынадай қысқартулар қолданылады:

1) «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ», Университет – «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

- 2) «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ келісім комиссиясы, комиссия – келісім комиссиясы;
- 3) ҚҚЕЖМСАБ – құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу бөлімі;
- 4) ҚҚЕБ – құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімі.

4-тарау. Жауапкершілік және өкілеттіктер

6. Осы ережені әзірлеуге, оны келісуге, бекітуге, тіркеуге, қолданысқа енгізуге жауапкершілік пен өкілеттіктер келесідей бөлінеді:

1) оның болуы, сақталуын қамтамасыз ету және оны мұрағатқа беру үшін ҚҚЕБ бастығы жауапты болады;

2) ережені әзірлеуге, оның мазмұнына, құрылымына, ресімделуіне, осы Ережені уақтылы өзектендіруге, құқықтық қамтамасыз ету және Мемлекеттік сатып алу бөлімінің қызметкерлерін Ережемен таныстыруға ҚҚЕЖМСБ бастығы жауапты болады;

3) Ереже «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ» Басқарма Төрағасы – ректорының бұйрығымен бекітіледі;

4) Құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімі осы Ережені тіркеп құжатты бекіту және қолданысқа енгізу туралы бұйрық шығарады.

7. Бекітілген Ережені бөлімшенің тиісті қызметкерлерінің назарына жеткізу үшін бөлім бастығы жауапты болады.

5-тарау. Келісім комиссиясын (мемлекеттік сатып алу) ұйымдастыру

8. Келісім комиссиясы (мемлекеттік сатып алу) Басқарма Төрағасы-ректордың бұйрығымен құрылған, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтару салдарынан мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім берушілердің өтініштерін қарайтын тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган болып табылады.

9. Заңда белгіленген мерзімде мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қоймаған не оған қол қойып, белгіленген мерзімдерде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбеген әлеуетті өнім беруші (өнім беруші) мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған болып есептеледі.

10. Келісім комиссиясы (мемлекеттік сатып алу) өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

11. Келісім комиссиясы (мемлекеттік сатып алу) өз жұмысын ашықтық, жариялылық, алқалылық және бейтараптық қағидаттары бойынша ұйымдастырады.

6-тарау. Келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) құрамы және оны қалыптастыру тәртібі

12. Келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) құрамына тапсырыс берушінің, Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының өкілдері, Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасында аккредиттелген салалық қауымдастықтардың (одақтардың) өкілдері кіреді.

13. Келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) құрамы Басқарма Төрағасы ректордың бұйрығымен бекітіледі және кемінде 3 (үш) комиссия мүшесінен құралады. Мүдделер арасында келіспеушілік туындаған жағдайда, келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) мүшесі өздігінен бас тартуды мәлімдеуге міндетті. Қажет болған жағдайда келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) мүшелері мен хатшысын ауыстыру жүзеге асырылады.

14. Келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) құрамы өзгерген және жаңа бұйрық шығарылған сәтке дейін әрекет етеді.

15. Келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) құрамына:

- 1) келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) төрағасы;
- 2) келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) мүшелері.

16. Келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) төрағасы болып университет проректорынан төмен емес лауазымды тұлға айқындалады.

17. Келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) құрамына мемлекеттік сатып алудағы кәсіби қызметі негізінде тұлғалар сайланады.

18. Келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) қызметіне басшылықты келісім комиссиясының төрағасы жүзеге асырады.

19. Келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) төрағасы өз өкілеттігі шегінде:

1) келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

2) келісім комиссиясы (мемлекеттік сатып алу) отырысының күнін белгілейді;

3) келісім комиссиясы (мемлекеттік сатып алу) отырысының күн тәртібін бекітеді;

4) келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) жұмыс қағидаларында көзделген өзге де функцияларды орындайды.

20. Келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) мүшелері өз өкілеттіктері шегінде:

1) келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) отырыстарына қатысады;

2) отырысқа қатысу мүмкін болмаған жағдайда бұл туралы келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) хатшысына хабарлайды;

3) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімінен әлеуетті өнім берушіні алып тастау немесе алып тастаудан бас тарту туралы мәселені

қарау үшін қажетті ақпаратты, материалдарды және түсіндірмелерді сұратады;

4) шешім қабылдау кезінде дауыс беруге қатысады;

5) қажет болған жағдайда келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) құзыретіне жататын мәселелер бойынша ескертулер мен ұсыныстар береді;

6) келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешімдерді талқылауға және әзірлеуге қатысады.

21. Келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) хатшысы:

1) келісім комиссиясы (мемлекеттік сатып алу) отырысының күн тәртібін қалыптастырады;

2) 1 Қосымшаға сәйкес келісім комиссиясы отырысының хаттамасын жүргізеді және ресімдейді;

3) келісім комиссиясы (мемлекеттік сатып алу) отырысында қарайтын мәселелер бойынша құжаттармен (материалдармен) қамтамасыз етеді;

4) барлық қажетті материалдарды келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) кезекті отырысына уақтылы дайындауды қамтамасыз етеді;

5) келісім комиссиясы (мемлекеттік сатып алу) құжаттарының сақталуын қамтамасыз етеді.

Келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) хатшысы оның мүшесі болып табылмайды және келісім комиссиясы (мемлекеттік сатып алу) шешімдер қабылдаған кезде дауыс беруге құқығы жоқ.

22. Келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) отырысы күндізгі тәртіпте өткізіледі.

Қажет болған жағдайда келісім комиссиясы (мемлекеттік сатып алу) мүшелерінің өзара, әлеуетті өнім берушімен және оның өкілімен (сенімхат бойынша) қашықтықтан өзара іс-қимылын, аталған адамдарды сәйкестендіруді, сондай-ақ олар жасайтын іс-әрекеттерді құжаттауды қамтамасыз ететін цифрлық технологиялар арқылы қашықтықтан отырыс өткізіледі.

23. Келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) төрағасы мен келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) мүшелері комиссияға жүктелген міндеттердің орындалуына жауапты болады.

7-тарау. Келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) жұмыс тәртібі

24. Келісім комиссиясы (мемлекеттік сатып алу) туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушінің өтінішін жан-жақты және объективті түрде қарайды және мұндай әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға

жосықсыз қатысушылар тізілімінен шығару не алып тастаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

25. Әлеуетті өнім берушіге тәуелсіз, оның тиісті құжаттармен расталатын мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтаруына әкеп соққан күтпеген мән-жайлар мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушыларды тізілімнен алып тастау үшін негіз болып табылады.

26. Келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) отырысы әлеуетті өнім берушінің өтініші келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде өткізіледі.

27. Келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) хатшысы әлеуетті өнім берушіні келісім комиссиясының отырысы өткізілетін күн туралы хабардар етеді.

28. Келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) отырысына әлеуетті өнім беруші не оның өкілі (сенімхат бойынша) қатысады.

29. Әлеуетті өнім беруші не оның өкілі болмаған жағдайда келісім комиссиясы (мемлекеттік сатып алу) әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімінен шығарудан бас тарту туралы шешім шығарады.

30. Өтініш бойынша шешім келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) қатысып отырған мүшелерінің жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда келісім комиссиясы (мемлекеттік сатып алу) төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) әрбір мүшесі қабылданған шешім бойынша өзінің ерекше пікірін білдіруге құқылы.

Келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) мүшесі дауыс беру құқығын басқа тұлғаға бермейді.

31. Келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) шешімі 1 Қосымшаға сәйкес хаттама түрінде ресімделеді, оған келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) төрағасы, келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) мүшелері және келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) хатшысы қол қояды.

32. Келісім комиссиясы (мемлекеттік сатып алу) әлеуетті өнім берушінің өтінішін қарау нәтижелері бойынша мынадай шешімдердің бірін шығарады:

1) әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімінен шығару туралы;

2) әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімінен шығарудан бас тарту туралы.

33. Әлеуетті өнім берушінің өтініші қанағаттандырылған жағдайда келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) шешімі әлеуетті өнім берушіге және мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімін қалыптастыру және жүргізу саласындағы уәкілетті органға – үш жұмыс күні

ішінде, қанағаттандырылмаған жағдайда-әлеуетті өнім берушіге немесе оның өкіліне сенімхат бойынша жіберіледі.

34. Келісім комиссиясының (мемлекеттік сатып алу) шешімімен келіспеген жағдайда, әлеуетті өнім берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

8 тарау. Келісім, сақтау және тарату

35. Келісім, сақтау және тарату құжаттаманы басқарудың 001-2025 ҚР сәйкес жүргізіледі.

36. Осы Ереже зерттеулер, инновациялар және цифрландыру жөніндегі проректоры, қаржы-экономикалық қызмет бастығы және ҚҚЕБ бастығымен келісіледі.

37. Осы Ереженің түпнұсқасы «Келісу парағымен» бірге ҚҚЕБ қабылдау-тапсыру актісі бойынша сақтауға беріледі.

39. Осы Ереженің жұмыс данасы университет сайтында ішкі корпоративтік желіден қолжетімділікпен орналастырылады.

ХАТТАМА
№ ____ келісім комиссиясының
(мемлекеттік сатып алу) отырысы

Тапсырыс беруші

"__" _____ 20__ ж.

ҚАТЫСТЫ:

Келісім комиссиясының төрағасы:

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы)

Келісім комиссиясының
мүшелері:

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы)

Келісім

КОМИССИЯСЫНЫҢ

хатшысы:

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы)

ШАҚЫРЫЛҒАНДАР:

(шақырылған адамдардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы
көрсетіледі)

Өтініш

(мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хабарландырудың және
хаттаманың атауы, нөмірі және күні көрсетіледі)

Тапсырыс берушінің
атауы

Келісім комиссиясының қатысқан мүшелерінің саны:

Келісім комиссиясы мүшелерінің дауыс беру нәтижелері:

№	Мәселенің мәні/ келісім комиссиясы мүшесінің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)	Келісім комиссиясы мүшелерінің шешімі	
		Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімінен әлеуетті өнім берушіні алып тастау (қарсы/қарсы)	Әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімінен шығарудан бас тарту (жақтап/қарсы)
Мәселенің мәні			
1	Келісім комиссиясы төрағасының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)		
2	Келісім комиссиясы мүшесінің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)		
3	Келісім комиссиясы мүшесінің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)		
	БАРЛЫҒЫ:		

Келісім комиссиясы мүшелерінің дауыс беру нәтижелері негізінде
Шешімі:

(әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімінен шығару туралы не осындай шешім қабылдауды негіздей отырып, әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімінен шығарудан бас тарту туралы)

Келісім комиссиясының төрағасы:

_____ (қолы) тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)

Келісім комиссиясының мүшелері:

_____ (қолы) тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)

_____ (қолы) тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)

Келісім комиссиясының хатшысы:

_____ (қолы) тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)